

Жыл басына ағымдағы бағалау - халық санағының соңғы қорытындысы негізінде есептеліп, оған сол аумақта туылғандары мен тұрақты тұрғылықты орынға келгендерінің саны жыл сайын қосылып отырады да, одан сол аумақта өлгендері мен тұрақты тұрғылықты орынға кеткендерінің саны шегеріледі. Өткен жылдардағы халық санының ағымдағы бағасы кезекті санақ қорытындысы негізінде нақтыланады.

Халықтың табиғи өсімі - белгілі бір кезеңде тірі туылғандар мен өлгендер санының арасындағы айырмашылығына тең. Табиғи өсім оң шамада болуы мүмкін, егер туылғандар саны өлгендер санынан асып түссе, немесе кері жағдайда - теріс (табиғи азаю).

Халықтың көші-қоны өсімі - белгілі бір кезеңде осы аумаққа келгендер саны мен сыртқа кеткендер санының арасындағы айырмашылығына тең. Көші-қоны оң шамада (егер келгендер саны кеткендер санынан көп болса), немесе теріс болуы мүмкін (егер келгендер саны кеткендер санынан аз болса). Соңғы жағдайда көші-қоны жылыстауы орын алады.

Туудың жалпы коэффициенті - бала туылу қарқындылығының барлық халыққа қатынасы бойынша анықталатын көрсеткіш. Жыл бойына тірі туылғандардың жалпы санының халықтың жылдық орташа санына қатынасын көрсетеді. Әдетте, 1000 халыққа шаққанда есептеледі.

Туудың жасына қарай коэффициенттері белгілі бір жас тобындағы әйелдердің бір жылда босанғандарының санының осы жаста әйелдердің орташа жылдық санына қатынасы ретінде есептеледі. 20 жасқа дейінгі жас топтары үшін коэффициентті есептеу кезінде бөлгіш ретінде 15 - 19 жасқа дейінгі әйелдер саны алынады. 15-49 жас тобы үшін коэффициентті есептеген кезде, алымына барлық босанғандар, сонымен қоса 15 жасқа дейінгі, сондай - ақ 50 және одан ересек жаста босанған әйелдер саны енгізіледі.

Өлімнің жалпы коэффициенті - халықтың өлімінің қарқындылығын анықтайтын көрсеткіш. Жыл бойына өлгендердің жалпы санының халықтың жылдық орташа санына қатынасын көрсетеді. Әдетте 1000 халыққа шаққанда есептеледі.

Туылған кезде халықтың күтілетін өмір ұзақтығы - бұл ұрпақтың бүкіл өмірінде әр жас тобындағы өлім-жітім деңгейінің көрсеткіші есептік жылдағыдай деңгейде өзгеріссіз қалатын жағдайда осы ұрпақтан туған бір адамның өмір сүретін жасы.

Нәресте өлімінің коэффициенті - 1 жасқа дейінгі балалар өлімінің деңгейін анықтайтын көрсеткіш. 1 жасқа дейінгі өлгендер саны тірі туылғандар санына қатынасымен есептеледі. Осы күнтізбелік жылы өлген нәрестелер арасында өткен күнтізбелік жылы туған балалар да болуы мүмкін, сондықтан осы күнтізбелік жылы нәресте өлімінің көрсеткіштерін осы жылы және өткен күнтізбелік жылы туған ұрпақтар үшін есептеп жүргізіледі.

Халықтың көші-қоны - тұрғылықты орнын ауыстыра отырып, сол немесе басқа өңірдің шекарасы арқылы адамдардың (көшіп-қонушылардың) қозғалуы. Келгендер мен кеткендер саны ішкі істер органдарының көші-қон полицияларынан келіп түсетін халықты тұрғын орынға есепке алған кезде келгендер мен кеткендердің статистикалық есеп талондарын өңдеу нәтижесінде анықталады.

Некелер мен ажырасулар (некенің бұзылуы) туралы мәліметтер АХАТ органдары жасаған азаматтық хал актілерінің екінші данасындағы жыл сайынғы статистикалық деректерге негізделген. Кестедегі деректер АХАТ органдарында тіркелген неке мен ажырасу жағдайларын ғана қамтиды.

Некеге тұрғандардың жасы некеге тіркелу уақыты мен туған уақыты аралығындағы уақытпен есептеліп шығарылды.

Сіз республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық негізгі индикаторларын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің www.stat.gov.kz Интернет-ресурсынан таба аласыз.

«Қазақстанның демографиялық жылнамалығы» статистикалық жинағы қалыптастырылып, «Ресми статистикалық ақпарат/Жинақтар, тоқсандық басылымдар, талдамалық материалдар мен электронды кестелер/Статистикалық жинақтар» бөлімінде орналастырылады. Сондай-ақ, «Ресми статистикалық ақпарат/Жедел деректер» бөлімінде «Қазақстан Республикасы халқының жынысы мен жекелеген жас топтары бойынша саны», «Қазақстан Республикасы халқының жекелеген этностар бойынша саны», «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігі» (жылына 2 рет), «Қазақстан Республикасы халқының күтілетін өмір сүру ұзақтығы», «Жас топтары бойынша туу коэффициенттері» және т.б. бюллетендер мен жедел ақпараттар орналастырылған.

Сіздің басқа да сұрақтарыңыз бар ма?

Әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасына хабарласыңыз:

Қарауылова Гүлмира Сайлаубекқызы

Басқарма басшысы

Тел. +7 7172 749061

E-mail: g.karaulova@economy.gov.kz

Біздің мекенжайымыз:

Қазақстан Республикасы, 010000

Астана қаласы, Мәңгілік ел 8

Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс

Ақпараттық қызмет: +7 7172 749010, 749011

Факс: +7 7172 749546

E-mail: kazstat.rk@gmail.com

Интернет-ресурсы: <http://stat.gov.kz>

Таралымы: 300 дана



Қазақстанның демографиялық дамуы



Сіз білесіз бе...

- 2017 жылдың күтілетін өмір ұзақтығының көрсеткішінің ең жоғары деңгейі 76,21 жас Астана қаласында, ал ең төменгі – 70,8 жас Ақмола облысында құрады
- 2018 жылдың басына Оңтүстік Қазақстан облысының 25 жасқа дейінгі халық саны 1,5 млн. адам құрады, ол Алматы қаласы мен Алматы облысынан басқа, елдің 13 өңірлердің халық санынан көп
- 2017 жылдың әрбір 1000 адамға шаққандағы ең жоғарғы туу деңгейі Маңғыстау облысында 29,74, ал ең төменгі – Қостанай облысында 13,38 құрады

2018 жылдың басына еліміздегі халық саны 18157,3 мың адам құрады. 2013 жылдың басымен салыстырғанда 1247,1 мың адамға немесе 7,4% көп.



57,4%



42,6%




48,4%




51,6%

Халық саны және өсімі




Этностар бойынша халықтың құрамы



Туылу кезектілігіне қарай туылғандар


Жыл	Барлық туылғандар	Одан				көрсетілмеген
		бірінші	екінші	үшінші	төртінші және одан жоғары	
2013	387 256	155 776	101 687	58 735	44 791	26 267
2014	399 309	147 713	109 577	66 184	51 070	24 765
2015	398 458	134 408	113 378	72 547	56 972	21 153
2016	400 694	129 749	116 467	80 812	65 224	8 442
2017	390 262	117 449	114 393	86 174	72 195	51

Туу коэффициенттерінің серпіні




Аналардың туғандағы орташа жасы	2013 жыл	2017 жыл
	27,6 жас	28,5 жас


Анасының жасына қарай туу



Халықтың өлім көрсеткіштері



2017 жылдың өлім-жітімнің негізгі себептері



Туылған кездегі халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығы	2013 жыл	2017 жыл
ерлер	65,91 жас	68,72 жас
әйелдер	75,23 жас	76,92 жас

5 жасқа дейінгі балалар арасындағы өлгендер

Жыл	2013	2014	2015	2016	2017
1 жасқа дейінгі өлгендер саны, адам	4 400	3 907	3 751	3 438	3 109
1000 туғандарға	11,39	9,83	9,41	8,59	7,93
5 жасқа дейінгі өлгендер саны, адам	5 495	4 930	4 797	4 325	3 997
1000 туғандарға	14,19	12,35	12,04	10,79	10,24

Некелер мен ажырасулар

Жыл	2013	2014	2015	2016	2017
Некелер саны	168 447	159 328	148 769	141 702	141 791
1000 адамға	9,89	9,22	8,48	7,96	7,86
Ажырасулар саны	51 482	52 673	53 293	51 993	54 626
1000 адамға	3,02	3,05	3,04	2,92	3,03


Бірінші некеге тұрғандардың орташа жасы



Халықтың көші-қоны

Жыл	2013	2014	2015	2016	2017
Көші-қон – барлығы					
Келгендер	361 372	422 400	472 032	630 649	946 415
Кеткендер	361 651	434 562	485 498	651 794	968 545
Көші-қон айырымы	-279	-12 162	-13 466	-21 145	-22 130
Ішкі көші-қон					
Келгендер	337 267	405 616	455 451	616 894	328 382
Кеткендер	337 267	405 616	455 451	616 894	328 382
Көші-қон айырымы	-	-	-	-	-
Сыртқы көші-қон					
Келгендер	24 105	16 784	16 581	13 755	15 595
Кеткендер	24 384	28 946	30 047	34 900	37 725
Көші-қон айырымы	-279	-12 162	-13 466	-21 145	-22 130
ТМД елдері					
Келгендер	20 331	14 833	13 966	10 644	11 292
Кеткендер	22 565	26 098	26 992	31 238	33 718
Көші-қон айырымы	-2 234	-11 265	-13 026	-20 594	-22 426
Басқа елдер					
Келгендер	3 774	1 951	2 615	3 111	4 303
Кеткендер	1 819	2 848	3 055	3 662	4 007
Көші-қон айырымы	1 955	-897	-440	-551	296

Жас құрамына қарай сыртқы көші-қон



2017 жылғы келу және кету елдері бойынша көші-қоны

